

5 дәріс. Ұлыбритания музейлері

Мақсаты: студенттерге Ұлыбритания музейлерінің тарихы, Ұлыбритания музейлерінің әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы оқытып үйрету болып табылады.

Дәріс жоспары:

1. Бирмингем. Барбер әсерлі өнер институты және музей және картиналар галереясы.
2. Борнмуттағы Рассел-Коутс өнер галереясы. Кардиффтегі Уэльс Ұлттық музейі.
3. Кембридж. Фитцуильям музейі. Ливерпуль. Уокер галереясы. Лидс. Өнер галереясы.
4. Лондон музейлері мен галереялары. Британ музейі. Тейт галереясы. Дальвич картина галереясы. Король жинағы.
5. Манчестер. Өнер галереясы. Оксфорд. Ашмола музейі. Порт-Санлайт. Леди Левел галереясы. Китцбюэль Ұлттық музейі.

Кілт сөздер: Ұлыбритания, Англия, музей, өнер, көркемсурет, музеология, галерея, ЮНЕСКО, ICOM

Бирмингем. Барбер әсерлі өнер институты. Бирмингемде орналасқан Барбер әсерлі өнер музейі — Ұлыбританияның көркемөнер коллекциясын жинақтаған мекеме. Оның негізін 1932 жылы ірі кәсіпкер Генри Барбер қалаған. Музей орналасқан 2 қабатты ғимарат 1939 жылы архитектор Роберт Аткинсонның басшылығымен ар-деко стилінде салынған. Онда батысеуропалық туындылар да жинақталған. Онда әлемге танылған көне шеберлер Симон Мартин, Джо ванни Беллини, Сандро Боттичелли, Паоло Веронез, Кіші Ганс Гольбейн, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк, Франс Хальц, Рембрандт, Никола Пуссен, Бартолом Эстебан Мурильо; француз импрессионистері мен постимпрессионистері Эдгар Дега, Клод Моне, Пьер-Огюст Ренуар, Эдуард Мане, Винсент Ван Гог, Поль Гоген; XX ғасыр суретшілері Пабло Пикассо, Анри Матисс, Рене Магритт, Эгон Шиле, Андре Дерен, Фернан Леже; ағылшын өнері тарихын көрсететін Джошуа Рейнольдс, Томас Гейнсборо, Уильям Тернер, Данте Габриэл Россетти, Обри Бердслей, Гвен Джон туындылары бар.

Бирмингем. Музей және картиналар галереясы. Бирмингем музейі — Ұлыбританиядағы ерекше музей. Оның негізі 1885 жылы қаланған, қала ортасындағы 1911-1919 жылдары салынған тарихи ғимаратта орналасқан. Музей көркемсурет, мүсін, қолданбалы өнер туындылары, азиялық экспонаттар қорын, тарих, археология, этнография экспозициясын жинақтаған. Мұнда көне шеберлер Джованни Беллини, Антонио Каналетто, Томас Гейнсборо полотнолары бар. Ағылшын элитасының туындылары қатарында сэр Эдвард Берн-Джонс коллекциясы сақталған, оның құрамында «Вифлеем жұлдызы», «Король Марк және керемет Изольда», «Пигмалион және образ» атты квадриптих сияқты шедеврлер бар. Музейдегі гравюра мен сызба-суреттер коллекциясының саны 27000-нан астам, соның ішінде британ

суретшілері Томас Гейнсборо, Уильям Блейк, Уильям Тернердің 400-дей жұмысы сақталған.

Борнмут. Рассел-Коутс өнер галереясы. Рассел-Коутс өнер галереясы Ұлыбританиядағы ең ірі жеке коллекция музейі. Бұл коллекцияны XIX ғ аяғы мен XX ғасыр басында ерлі-зайыпты Мертон мен Энни Рассел-Коутс саяхат кезінде әлемнің әр түкпірінен жинаған, сатып алған. 1897-1907 жылдары олар жинаған заттарын сақтауға архитектор Джон Фредерик Фюгерти жобасымен арнайы ғимарат соқтырған. 1922 жылы 10 наурызда бұл ғимаратқа музей статусы беріліп, музей қалаға сыйға тартылған. Мертон Рассел Коутс прерафаэлиттер көркемсуретінің табынушысы болған. Қазір мұнда Альберт Джозеф Мур, Данте Габриэл Россетти, Артур Хьюза, Джон Брет, Симеон Соломон, Лоренс Альм-Тадем, Эвелин Де Морган, Уильям Пауэлла Фрит сияқты суретшілер туындылары бар. Коллекционерлер 1885 жылы Жапонияға барған сапарларында жапон керамикасының үлкен жинағын алып келген, 2000 жапон экспонаты сақталған, оның құрамында керамика, темір бұйымдар, мүсіндер, костюмдер, гравюралар, Хокусая, Хиросигэ, Куниеси, Кунисаданың жұмыстары бар. Музейде XIX ғасыр Еуропа мүсіндеріне, актер Генри Ирвингуның шығармашылығына арналған бөлме экспозицияланған.

Кардифф. Уэльс Ұлттық музейі. Бұл — Ұлыбританиядағы ірі музей. Оның ғимараты Муниципалитет пен Кардифф университетіне жақын қалалық паркте орналасқан. Музей ғимаратының құрылысы 1912 жылы басталып Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде тоқталып, 1932 жылы аяқталған. Құрылыс аяқталмай жатып 1927 жылы музей ашылған. Музейде ботаника, зоология, археология, геология, өнер бөлімдері жұмыс істейді. Өнер коллекциясынан Ренессанс және Барокко туындылары сақтаулы, олардың қатарында Никола Пуссен, Ян Ван де Каппелла, Пальма Веккьо, Амико Аспертини, Питер Пауль Рубенс, Сандро Боттичелли туындылары бар. Француз өнері коллекциясының қатарына апалы-сіңілілі Маргарет және Гвендолин Дэвис сыйлаған туындылар да жайғасқан. Онда Оноре Домье, Жан-Франсуа Милле жұмыстарының ірі жинағы бар. Музейде Венеция пейзаждары, Поль Сезанн, Пьер-Огюст Ренуар, Камил Писсарро, Альфред Сислей, Эжен Буден, Жорж Брака, Андре Дерен, т.б. француз суретшілерінің туындылары, XX ғасыр коллекциясында мүсіншілер Джейкоб Эпстайн, Эрик Гилл, Стенли Стенсер, Оскар Кокошки, Люсьен Фрейд, Фрэнк Ауэрбах, Фрэнсис Бэкон, Рейчел Уайтрид жұмыстары бар. 2000-дай Уилфред Де Вентон қолынан шыққан фарфор жинақталған.

Кембридж. Фитцуильям музейі. Фитцуильям музейі Кембридж университеті құрамына енеді. 1815 жылы VII Фитцуильям виконт коллекциясы негізде қаланған, келушілер үшін 1848 жылы ашылған. Музей ғимаратының құрылысы мен жобасы 40 жылға созылған, оған Джордж Бэзеви, Ч.Р.Коккерел, Эдвард Мидлтон Барри сияқты архитекторлар қатысып, 1875 жылы аяқтаған. Музейде қолданбалы өнер, монеталар мен медальдар, қолжазбалар мен баспа кітаптар, сызба-суреттер, гравюралар бөлімдері жұмыс жасайды. Гравюра бөлімінде Еуропа, Азия, Америка елдерінің проторенессанс кезеңінен осы күнге дейінгі суретшілерінің туындылары, итальян қайта өркендеу дәуірінің, Венециан мектебінің, Еуропа елдері пейзаждары, британ

живопистері, еуропалық өнер мектептерінің, француз импрессионистерінің туындылары жинақталған. Музей залында Симон Мартини, Доменик Венециан, Тициан, Паоло Веронез, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк, Франс Хальц, Каналетто, Уильям Хогарт, Томас Гейнсборо, Джон Констебл, Клод Моне, Эдгар Дега, Пьер-Огюст Ренуар, Поль Сезанн, Пабло Пикассо туындылары қойылған. Керамика, шыны ыдыстар, сағаттар, жиһаздар, қарулар жинақтары да экспозицияланған.

Ливерпуль. Уокер галереясы. Уокер галереясы Ұлыбританиядағы өнер туындыларының жинағын құрайтын ерекше мекеме. 1877 жылы оның негізін меценат Эндрю Барили Уокер қалаған. Ғимараты Уильям Браун көшесінде орналасқан, неоклассикалық стильде салынған. Галереяда XIV-XX ғасырлар аралығындағы өнер туындыларын жинақтаған. Экспозицияда италяндық және батыс еуропалық қайта өркендеу дәуірінің өнері қойылған. XVII ғасырға саятын Бартолом Эстебан Мурильо, Никола Пуссен, Рембрандт, Питер Пауль Рубенс жұмыстары және Викториаан дәуірі, прерафаэлиттер және XX ғасырдағы ағылшын суретшілері Люсьен Фрейд, Дэвид Хокни, Гильберт Проша, Джордж Пассмор жұмыстары бар. Акварель мен суреттер коллекцияларынан Поль Сэндби, Уильям Тернер, Джон Села Котмен, Питер Де Винт, Джордж Ромни, Уильям Холман Хант, Эдвард Берн-Джонс, Сэмсела Праута, Ричард Бонингтон, Эдвард Лир, Поль Нэша жұмыстары бар. Сондай-ақ мүсіндер қоры мол.

Лидс. Өнер галереясы. Лидс Өнер галереясы — Ұлыбританиядағы қызықты музей. 1888 жылы Уолтер Хардинг негізін қалаған. XIX-XX ғасырлар өнер туындылары жинақталған. Галереяда Викториаан дәуірі, француз постимпрессионистері туындылары қойылған. Гравюра, акварель сурет-сызбалардың қоры мол, онда Томас Гейнсборо, Джон Села Котмен, Уильям Тернер, Джон Роберт Козенс, Джон Варли, Уильям Блейк, Сэмюэль Пальмер, Эрвард Лир, Пауль Рего және атақты Рембрандт туындылары қойылған. Фредерик Лейтон, Джеймс Тиссо, Джон Уильям Уотеркаус, Джон Аткинсон Гримшоу, Уильям Холман Хант сияқты XIX ғасырдың атақты суретшілерінің полотнолары бар. XX ғасыр суретшілері қатарынан Уиндем Лыис, Гарольд Гильман, Спенсер Гор, Чарлз Джиннер, Грэм Сазерленд, Стэнли Спенсер, Поль Нэша, Терри Фрост, Стивен Кэмпбел туындыларын атауға болады. Мүсіншілер Огюст Роден, Генри Мур, Барбар Хелуорт, Александр Колдер жұмыстары сақталған.

Лондон. Британ музейі. Британ музейі — әлемдегі көне әрі ірі музей. Ол 1753 жылы парламент жарлығымен құрылған. Алғашқы жылдары музейге кіру қарапайым адамдар үшін тиым салынған, жалпы халық үшін тек XIX ғасырда ғана ашылған. Музей экспонаттарының алғашқы негізін әкімшілік дәрігері, натуралист Хэнс Слоус жинаған 80 000 экспонаттан тұратын коллекциясы құраған. Музей алғашында Лондонның Блумсбери ауданындағы Монтегю-Хаус ғимаратында орналасты, сосын қазіргі тұрған 1823-1847 жылдары архитектор Роберт Смерктің басшылығымен салынған ғимаратқа көшірілген. Бұл ғимарат әлемдегі классикалық үлгіде салынған ғимараттардың ең көріктісі болып саналады. Британ музейінен әлемдік

мәдениеттің барлық бағыттарының ескерткішін табуға болады. Бұл жерде Ежелгі дүние өнерінен Парфенон мраморы, Ниневиядағы Ассирия патшалары тұрған сарай барельефтерін, Галикарнас кесенесінің мүсіндері, Басстағы Аполлон храмы, Эгей алтын қоймасы бұйымдары, Фидия мүсіндері, соның ішінде белгілі Перикл мүсіні бар. Құндылықтар қатарында египет иероглифі Жан Франсуа Шампальон кілтін ашқан Розет сына жазуы бар. Музейде ортағасырлық еуропалық өнер туындылары, ертехристиандық мүсіндер, күміс бұйымдар, «Эксвиллин кеніші» англосаксон тас крестері, Фаюм портреттері сақталған. Тек графикалық туындылардан 2 млн. экспонат бар. Леонардо да Винчи, Рафаэль, Микеланджело Буонарроти, Альберхт Дюрер, Рембрандт, Кіші Ганс Гольбейн, Клод Лорен туындылары сақталған.

Музей қорлары:

- алғашқы қауым өнер ескерткіштері,
- Ежелгі Египет,
- Месопатамия,
- Ежелгі Грекия,
- Ежелгі Рим,
- Еуропа,
- Азия,
- Африка елдерінің тарихи-мәдени мұралары деп топтауға болады.

Метал ақша мен медальдардың да бай қоры сақталған. Британ музейінің кітапханасында 7 млн-нан аса кітаптар, 105000-нан аса қолжазба, соның ішінде Ежелгі Египет папирустары сақталған.

Лондон. Тейт галереясы. Тейт галереясында ағылшын өнері туындылары сақталған. Әлемдегі адам ең көп келетін музейлер қатарында. Музей ғимараты 1897 жылы архитектор Сидни Смит басшылығымен, қант магнаты, коллекционер Генри Тейттің қаражатына салынған және осы жылы ашылған. Музей қоры Генри Тейт коллекциясы негізінде ашылып, одан кейін үзбей толықтырылып келеді. Музей XVI-XX ғасырлар аралығындағы Британ өнерін насихаттайды. Онда Уильям Хогарттың «Автопортрет», «Томас Пеллет», «Лавиния Фентон, герцогиния Болтон», «Элизабет Солтер» сияқты атақты портреттік туындылары осында қойылған. Музей залында романтизм кезеңі суретшілерінің туындылары, яғни Уильям Блейктің «Иакова баспалдағы», «Ақылды және ақылсыз бойжеткендер туралы», «Аза тұту», «Оберон және Титания биші перизаттармен бірге»; Джон Кенстеблдің «Фледфорд диірмені», «Бриджес отбасының портреті», «Матверн Холл», «Мария Бикнелл портреті»; Уильям Тернердің «Теңіздегі трагедия», «16 жастағы автопортрет», «Иней. Аязды таң», «Карфагеннің күйреуі» туындылары қойылған. Сондай-ақ белгілі британ суретшілері Джошуа Рейнолдс, Джордж Стаббс, Данте Габриэл Россетти, Эдвард Берн-Джонс, Джон Эверетта Миллес туындылары бар. Галереяның 2 филиалы солтүстіктегі Тейт Ливерпуль және оңтүстік-батыстағы Тейт-Сент-Ив галереялары жұмыс істейді. 2000 жылы Тейт Модерн галереясы ашылып, оған қазіргі заманғы батысеуропалық өнер туындылары қойылды. Онда XX ғасыр өнер шеберлері Сальвадор Дали, Макс Эрнст, Рене

Магритт, Хуан Миро, Марк Ротко, Роя Лихтенстайн, Пабло Пикассо, Энди Уорхолла туындылары бар.

Лондон. Дальвич картина галереясы. Лондондағы қызықты өнер музейі. Музей ғимараты 1811 жылдан архитектор Джон Соан басшылығымен Фрэнсис Буржуа мен Ноэл Дезанфан қаражаттарына салынып, 1817 жылы ашылған. Музейде батысеуропалық көне шеберлердің туындылары сақталған. Онда италян, испан, француз, ағылшын, фламан, голланд, неміс өнер туындылары бар. XVI-XVIII ғасырлар өнер туындыларынан Никола Пуссен, Питер Пауль Рубенс, Бартолом Эстебан Мурильо, Антонис Ван Дейк, Рембрандт, Антуан Ватто, Томас Гейнсборо еңбектері бар.

Лондон. Курто өнер институты. Курто өнер институты — Ұлыбританиядағы өнер туындыларын жинақтап отырған ірі мекеме. 1931 жылы ағылшын кәсіпкері, коллекционер Сэмюэл Курто негізін қалаған, көпшілік үшін 1958 жылы ашылған. Оған Ли Фарем, Роберт Уитт коллекциялары қосылған. Музей Стрэнд көшесіндегі Сомерсет-Хаус деп аталатын ғимаратта орналасқан. Онда көне өнер шеберлері Сандро Баттичелли, Паоло Веронез, Джованни Батиста Тьепелло, Үлкен Лукас Кранах, Франсиско де Гой, Томас Гейнсборо, Питер Пауль Рубенс туындылары сақталған. Импрессионистер туындыларынан Эдуарт Маненің «Сена жағасында», «Фоли-Бержердегі бар»; Клод Моненің «Аржантедегі күз», «Антиб»; Пьер Огюст Ренуардың «Ложа», «Амбруаз Воллардың портреті»; Камил Писсароның «Руан жағалауында»; Альфред Сислейдің «Сенадағы қайықтар»; Поль Сезанның «Үлкен шыршалы Сен-Виктуар тауы», «Аннес көлі»; Эдгард Деганың «Сахнадағы екі биші», Винсент Ван Гогтың «Құлағы байланған автопортреті», сондай-ақ Микеланджело Буонарроти, Рембрандт, Уильям Тернер, т.б. шеберлер туындылары сақталған.

Лондон. Король жинағы. Еуропадағы ірі өнер коллекциясы. Коллекция қорлары Король резиденцияларында, Букингем сарайында, Виндзор сарайында, Хемптон-Корт сарайында соңғы 5 ғасыр бойына жинақталған. Қорда картиналар, акварельдер, жиһаздар, қыш-құмыралар, сағаттар, географиялық карталар, қарулар, тоқыма бұйымдары, кітаптар мен қолжазбалар жинақталған. Тек көркемсурет қорында 10000 экспонат бар, мұнда Рафаэль, Джованни Беллини, Лоренцо Лотто, Тициан, Корреджо, Пармиджанино туындылары сақталған. Андре Мантенъидің «Цезар триумфы» атты картиналар сериясы, Венециан ведуты шебері Каналеттоның 50 жұмысы, Питер Пауль Рубенстің жұмыстары осы жерде.

Лондон. Виктория мен Альберт музейі. Ағылшын королы мен жұбайы атындағы музей, 1852 жылы Оңтүстік Кенсингтонде негізі қаланған, музей ғимараты викториан стилінде салынған. Музей италян мүсіншілері Лоренцо Бернини мен Антонио Канов туындыларын, әлемдегі қолданбалы өнер туындыларының әртүрлі бағыттарын кеңінен насихаттайды, онда керамика, шіркеу заттары, тоқыма бұйымдар, музыкалық аспаптар, жиһаздар, т.б., барлығы 4 млн. астам экспонат бар. Әсіресе, шыны галереясы, XIX ғасыр фотосуреттері галереясы өте танымал. Ал, Микеланджело Буанарроти, Донателло, Андреа Верроккио еңбектерінің көшірмелері сақталған.

Лондон. Ұлттық теңіз музейі. Лондондағы Ұлттық теңіз музейі — теңіз ісі мамандығы саласындағы ең ірі музей. Музей ғимараты Король сарайы мен Гринвич саябағының жанындағы Король обсерваториясымен қатар орналасқан сәулет өнерінің бірегей ескерткіші болып табылады. Музейде теңізде жүзу ісіне қатысты асролябия, кемелер моделдері, әскери жалаулар, мундирлер, фильмдер, фотосуреттер, қолжазбалар, құжаттар диаграммалар коллекциялары, барлығы 2 млн. астам экспонаттар жинақталған. Музей экспозициясында маринистер полотносы, теңіз офицерлері портреттері, теңіз өміріне қатысты көркемсуреттер қойылған. Олардың қатарында Лемюэл Френсис Эбботтың «Нельсон портреті», Джошуа Рейнольдстың «Командор Каппеланың портреті», Кіші Виллем Ван де Вельденің «Солибейдегі қақтығыс», «Ағылшын кемесінің корсарлармен қақтығысы», Үлкен Виллем Ван де Вельденің «Портсмут» ағылшын кораблі», Уильям Тернердің «Испан армадасы», сондай-ақ Джон Синглтон Коплидің, Томас Гейнсборо, Каналетто, Джордж Ромни және басқа белгілі суретшілердің туындылары, теңіз тақырыбындағы гравюралар, фотосуреттер қойылған.

Лондон. Ұлттық галерея. Лондон Ұлттық галереясы — дүниежүзіндегі еуропалық көркемсурет туындылары коллекциясын жинаған ірі мекеме. Музейдің негізі 1824 жылы қаланып, алғаш Пэлл-Мэлл көшесінде ашылған. Жылдар бойына коллекция көлемі ұлғайып, 1838 жылы музей қазіргі Трафальгар алаңында орналасқан Уильям Уилкинсон жобасымен салынған кең, ірі ғимаратқа көшкен. Ұлттық галерея қорында тек көркемсуреттен 2000-нан аса бірлік жинақталған. Галерея XIII-XIX ғасырларға саятын еуропалық көркемсуреттердің бірегей туындыларын сақтауымен ерекшеленеді. Италиян көркемсурет коллекциясының мол қорын сақтап отырған Аппенин түбегіндегі бір-бір мекеме. Шедеврлер қатарында Пьер делла Франческаның «Христостың шоқынуы», Сандро Боттичеллидің «Волхтарға бас ию», Леонардо да Винчидің «Мадонна Қасиетті Аннамен бірге», Рафаэльдің «Ансидей Мадоннасы», Микеланджело Буанарротидің «Бала көтерген Мадонна және Қасиетті Иоан», Джорджоненің «Волхтарға бас ию», Тицианның «Вакх және Ариадна», Микеланджело да Караваджоның «Эммуастағы кездесу», Джованни Баттиста Тьеполоның «Клеопатра салтанаты», Паоло Уччеллоның «Сан-Романодағы шайқас» палотноларын атауға болады.

Галереядағы нидерландылық және фламандық көркемсурет туындыларынан Рогир Ван дер Вейден, Ганс Мемлинг, Иеронимус Боск, Үлкен Питер Брейгел, Рембрандт, Питер Пауль Рубенс, Антонис Ван Дейк жұмыстарын көруге болады. Ян ван Эйктің «Арнольфин четасының портреті», сондай-ақ Ян Вермеердің картиналары галерея қорының мақтанышы.

Ағылшын көркемсуретінен Джошуа Рейнольдс, Джон Констебл, Джон Кроум, Уильям Тернер туындылары, сонымен қатар Уильям Хогарттың «Моладағы неке», «Шаян ұстаған қыз», Томас Гейнсбороның «Таңғы серуен» атты туындылары қойылған.

Испан көркемсурет өнерінен Эль Греко, Диего Веласкес, Бартолом Эстебан Мурильо, Хуселе Рибер, Франсиско де Сурбаран, Франсиско де Гойя жұмыстары бар.

Еуропаның басқа өнер мектептерінен Үлкен Лукас Кранах, Кіші Ганс Гольбейн, Альбрехт Дюрер, Никола Пусен, Клод Лоррен, Филипп де Шампень, Камиль Коро, Эдуард Мане, Оноре Домье, Пьер-Огюст Ренуар, Поль Сезанн сияқты атақты суретшілер туындылары қойылған.

Лондон. Уоллис жинағы. Лондондағы Уоллис жинағы — Ұлыбританиядағы ең ірі көркемсурет коллекцияның бірі. Коллекцияның негізін XVIII-XIX ғасырларда Сеймур-Конвэй граф әулеті жинаған. 1897 жылы сэр Ричард Уоллистің жесірі коллекцияны мемлекет мұрасына қалдырған. Коллекция қорында XIV-XIX ғасырлар аралығындағы Англияның көркемсурет ескерткіштері, XVIII ғасыр француз көркемсуреті, XVII ғасыр голландық және фламандық суретшілер туындылары жинақтаған. Музей залдарында Тициан, Питер Пауль Рубенс, Рембрандт, Диего Веласкес, Никола Пуссен, Каналетто, Томас Лоренс, Томас Гейнсборо, Антуан Ватто, Франсуа Буше, Жан Оноре Фрагонар туындыларын, XIX ғасырдағы ағылшын және француз акварельдері Уильям Тернер, Теодор Жерик, Ричард Паркс Бонингтон жұмыстары қойылған. Франс Халыцтың «Күлімдеген кавалер» атты туындысы - шедеврлер қатарында.

Қолданбалы өнер туындылары қатарында атақты Лимож эмалы, Деруттық фарфор және майолика, асыл тастар, жиһаздар, зергерлік бұйымдар және т.б. бар. Коллекцияның бір бөлігін қарулар қоры құрайды.

Манчестер. Өнер галереясы. Манчестер Өнер галереясы Британ түбегіндегі ірі өнер музейі. 1823 жылы негізі қаланған. 1825 жылы белгілі архитектор сэр Чарлз Барри басшылығымен музейдің неоклассикалық ғимараты салынған. Галерея қорында 2000-нан аса майлы бояу, 3000 акварель, 250 мүсін, 10000 гравюра бар.

Белгілі ағылшын суретшілерінен Томас Гейнсборо, Уильям Этти, Джордж Стаббс, Уильям Тернер, Уильям Холман Хант жұмыстары; Прерафаэлиттер көркемсурет туындыларынан Форд Мэдекс Браунның «Еңбек», «Юнгфрау шыңындағы Манфред», «Шибон қамауындағы адам», «Вильгельм жаулаушыға әкелген Гарольд денесі», «Шекспир портреті», «Қатігездік баспалдағы», т.б. жұмыстары, Данте Габриэл Россетидің «Сириялық Астарта», «La Donna della Fiamme», «La goli Coeur», сондай-ақ Джон Эверет Милес, Эдвард Берн-Джонс, Фредерик Сэндикс, Джон Уильям Уотеркаус, Артур Хьюза, Джон Брет, Валентайн Пинсет, Симеон Соломон, Томас Вулнер, Джон Мельюиш Страдуик туындылары қойылған. Қолданбалы өнер туындылары коллекциясы 12000-нан аса экспонат, олардың қатарында ерекше шыны, қыш бұйымдар мен жиһаздар бар.

Оксфорд. Ашмола музейі. Ашмола Оксфорд музейі — көпшілік үшін ашылған ең алғашқы музейлердің бірі. Музей саяхатшы Джон Трейдскаттың коллекциясы негізінде құрылған, ол өз коллекциясын 1969 жылы антиквар Элиас Ашмолаға өткізген. Ол 1675 жылы коллекцияны Оксфорд университетіне сыйға тартқан. 1683 жылы белгілі архитектор сэр Кристофен

Реннің басшылығымен музейге арнайы ғимарат соғылған. Ал музейдің қазіргі ғимараты Бимон көшесінде орналасқан, 1845 жылы архитектор Чарлз Кокеелломның басшылығымен салынған.

Музей қоры әр кезеңдегі өнер бағыттарының туындыларын қамтиды. Мұнда ежелгі өркениет ошақтарынан табылған тарихи ескерткіштер бар. Артур Эванстың басшылығымен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан табылған грек және миной қыш ыдыстары, әйгілі Паросмор мраморы, Ежелгі Грек, Рим, Византия, ортағасырлық Еуропа, ислам елдері, Үндістан, Қытайда соғылған 30000-нан астам монеталар мен медальдар сақталған.

Батыс Еуропа өнері бөлімінде орта ғасырлардан бастап бүгінгі күнге дейінгі мүсін, көркемсурет, гравюра, қолданбалы өнер туындыларының бірегей ескерткіштері жинақталған. Экспозицияда қайта өркендеу дәуірі, XVII ғасырдағы фламандық, голландық өнер, прерафаэлиттер туындылары кең қамтылған, сондай-ақ атақты шеберлер Альберхт Дюрер, Леонардо да Винчи, Рафаэль және Микеланджело Буонаротти, ағылшын суретшілері Уильям Тернер, Сэмюэл Палмер, Джон Рескин, Эдвард Берн-Джонс жұмыстары мен Камил Писсарро туындыларының коллекциясы қойылған.

Порт-Санлайт. Леди Левер галереясы. Порт-Санлайтта орналасқан Леди Левер галереясы — Ұлыбританиядағы қызықты музейлердің бірі. Оның негізін магнат Уильям Хескет Левер қалаған. Музей 1922 жылы коллекционердің марқұм болған әйелінің құрметіне ашылған. Музейде XVIII-XIX ғасырлардағы ағылшын көркемсуреті туындыларының, Викториан және Эдвардиан дәуірінің қоры мол. Әсіресе, өз кезеңінің белгілі ағылшын суретшілері Фредерик Лейтон мен Лоренс Альма-Тадеммнің туындылары неғұрлым толық қамтылған. Музей қолданбалы өнер туындыларының ірі коллекциясын құрайды, XVI-XIX ғасырлардағы ағылшын жиһаздары, классицизм дәуірінің комодтары, белгілі шебер Джовайн Уэдвуданың ыдыстары, яшмадан жасалған бұйымдар, гобелендер, қытай фарфорлары қамтылған. Мүсіндер, соның қатарында белгілі неоклассикалық мүсінші Джон Флакман және жаңа мүсіншілер туындылары қойылған.

Сұрақтар:

1. Ұлыбританияның Ұлттық музейлері.
2. Британ музейінің қалыптасуы.
3. Жеке коллекциялар негізінде қалыптасқан музейлер.

Әдебиеттер:

1. Британский музей. Лондон. – М., 1980.
2. Калугина Т.П. Художественный музей как феномен культуры.- СПб., 2008.
3. Шляхтина Л.М. Основы музейного дела. Теория и практика.- М., 2009.
4. Музеи мира. М., 1991;
5. Сто великих музеев мира. М. 1999
6. www.britishmuseum.org